

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Самуил, Құдайдың бала қызметшісі



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Lyn Doerksen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy


Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Ханна Елқанах атты жақсы адамның жақсы әйелі еді. Олар екеуі де Құдайға ғибадат етіп, басқаларға қайырымдылық жасайтын. Бірақ Ханнаның өмірінде бір нәрсе жетіспеді.

Ол бала сүйгісі келді.
Ех, ол бала болғанын қалай қалады десеңші!

Ол күтті, сиынды,
үміттенді және тағы біраз күтті.
Ешқандай бала болмады!






Әр жылы Ханна Құдайдың келісім шатырына ғибадат етуге баратын. Бір күні ол Құдайға, егер Ол өзіне ұл берсе, ол әрдайым Құдайдың қызметшісі болуы үшін сол баланы Оған беретінін айтып уәде етті.

3




Қарт діни қызметкер Ели Ханнаның қалай сиынғанын көрді. Ол Ханнаны шарап ішіп масайған деп ойлады, себебі оның еріндері қозғалғанмен, дыбысы шықпады. Ели Ханнаға ұрысты!

4




Бірақ Ханна Елиге өзінің бала туралы еткен мінәжатын және өзінің Құдайға берген уәдесін айтып берді. «Тыныштықпен бара бер, – деп жауап берді Ели. – Израилдің Құдайы сенің Өзінен сұраған өтінішіңді орындасын». Елидің сөздері Ханнаға үміт сыйлады.

5



Ұзақ уақыт өтпей, Ханнаның жүрегі қуанышқа кенелді. «Жаратқан Ие оны есіне түсіріп», оның мінәжатына жауап берді. Олардың Елқанах екеуінде кішкентай ұл бала дүниеге келді, оның атын Самуил («Құдай құлақ асты» деген мағына береді) деп қойды. Бірақ Ханна Жаратқан Иені және өзінің Оған берген уәдесін есіне алар ма екен?

6




Ханна киелі үйге әр жылы барғанды доғарды. О, Құдайым! Ол өзінің Құдайға берген уәдесін бұзды ма? Жок, Ханна Самуил киелі үйде тұрып, Елиге Құдайдың қызметіне көмектесе алатындай шамаға жеткенге дейін күтті. Содан кейін ол оны киелі үйге алып келді.

7




Құдай Ханнаның үлкен адалдығын бағалады. Самуилден кейін Құдай оған тағы үш ұл мен екі қыз сыйлады. Әр жылы Ханна Құдайға ғибадат ету үшін және Самуилге арнап тіккен жаңа киімін әкелу үшін киелі үйге келетін.

8




Самуил Елидің жалғыз көмекшісі емес еді. Елидің ұлдары Опни пен Пінехес те сонда жұмыс істеді. Бірақ олар зұлымдық жасап, Құдайдың абыройын таптады, әрі әкелері Ели өздеріне жалынса да, өзгергілері келмеді. Ели оларды киелі үйдегі қызметтен қуып жіберуге тиіс еді. Алайда ол солай етпеді.

9




Бір күні түнде Самуил өзін Ели шақырған дауысты естіді. Бала өзін Ели шақырып жатыр деп ойлады. «Мен мұндамын», – деді ол. «Мен сені шақырмадым», – деді Ели. Бұл үш рет қайталанды. Сонда Ели Құдайдың Самуилмен сөйлескісі келгенін түсінді.

10




Ели Самуилге: «Егер Ол сені шақырса, сен: «Айта бер, ИЕМ, Сені Өз қызметшің тындап тұр», – деп айту керексің», – деді. Құдай тағы да шақырып, сосын Самуилге өте маңызды хабар жеткізді.

11




Таң атқанда Ели Самуилді шақырып алды. «Иеміз саған не айтты», – деп сұрады ол. Жас Самуил оған бәрін айтып берді. Бұл қорқынышты хабар еді: Құдай Елидің бүкіл отбасын құртпақ, себебі Опни мен Пінехес сондай зұлым болатын.

12



Құдайдың ескертуі орындалды. Філістірлермен соғыста Елидің екі зұлым ұлы Құдайдың сандығын израилдік әскердің алдынан алып жүрді. Жау сандықты қолға түсіріп, Опни мен Пінехесті көптеген израилдіктермен бірге өлтірді. Ели мұны естіген кезде, ол өз орнынан құлап, желкесі үзіліп, сол күні қайтыс болды.

13



Құдайдың Келісім сандығы філістірлерге бәле әкелді. Олар оны өздерінің жалған құдайлары Дагонның ғибадатханасына қойған. Таңертең Дагон екпетінен құлап жатыр екен. Філістірлер оны көтеріп қойды, бірақ келесі күні таңертең ол қайта құлап жатыр екен. Бірақ бұл жолы Дагонның талқаны шығыпты.

14



Индет пен өлім філістірлердің арасына жайылып кетті. Өздерін Құдай жазалап жатыр ма, соны тексеру үшін філістірлер Келісім сандығын артқан арбаға екі сиырды жекті. Бірақ олар бұзауларды алып қалды. «Егер сиырлар өздерінің бұзауларын тастап, Исраилге баратын болса, біз мұны істеген Құдай екенін білетін боламыз», – деді олар. Содан сиырлар жоғары қарай өрлеп жүріп кетті!

15



Мұнан кейін Самуил, ол енді ересек адам еді, Исраилдің бүкіл халқына сөзін арнады. «Егер сен Жаратқан Иеге бар жүрегіңмен қайтып келсең... Ол сені філістірлердің қолынан азат етеді». Халық Құдайдың сенімді пайғамбарына бағынды. Сөйтіп Жаратқанның қолы Самуилдің уақытында філістірлерге қарсы болды.

16

Самуил, Құдайдың бала қызметшісі

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

1 Патшалық 1-7

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

17



17

60

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

19